

Паспорт образовательной программы

Дата регистрации в Реестре

2022.07.19 12:53

Регистрационный номер

18840

Дата обновления паспорта ОП:

2022.07.19 12:53

Код и наименование специальности:

04130100 Менеджмент (қолдану салалары бойынша)

Код и наименование квалификации/квалификаций:

4S04130101 Менеджер

Регион:

Қарағанды облысы

Организация ТИППО (Разработчик):

" Ж.К.Букенов атындағы Қарағанды банк колледжі" ЖММ

Партнеры-разработчики:

ЖШС "Қарағанды ипотека орталығы", ЖШС "МерНаз", ЖШС "Вентури Плюс"

Цель ОП:

Нарықта тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жылжытуды, әлеуметтік желілерде профильдерді жүргізу бойынша жұмысты, фирманың еңбек және қаржы ресурстарын басқаруды жүзеге асыруға қабілетті кәсіби-білікті, құзыретті және бәсекеге қабілетті орта буын мамандарын даярлау

Уровень по НРК:

4

Уровень по ОРК:

4

Профессиональный стандарт (при наличии):

" Кешенді әкімшілік-басқарушылық қызмет көрсету" "Атамекен" ҰКП 26.12.2019 ж. №263 бұйрығына № 86 қосымша, "Брендті басқару" "Атамекен" ҰКП 26.12.2019 ж. № 263 бұйрығына № 92 қосымша, "Тауарларға пошта арқылы немесе Интернет желісі арқылы тапсырыс беру жолымен бөлшек сауда" "Атамекен" ҰКП 27.12.2019 ж. №266 бұйрығына № 9-қосымша, "Әлеуметтік желілер менеджменті (SMM)" " Атамекен" ҰКП 26.12.2019 ж. № 263 бұйрығына №88 қосымша, "Кадрлық әкімшілік ету" "Атамекен" ҰКП 18.12.2019 ж. №255 бұйрығына № 8 қосымша, "Персоналды іздеу және іріктеу" "Атамекен" ҰКП 18.12.2019 ж. №255 бұйрығына № 14 қосымша, "Қаржы менеджменті" "Атамекен" ҰКП 26.12.2019 ж. № 263 бұйрығына №94 қосымша

Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

жоқ

Форма обучения:

күндізгі

База образования:

негізгі орта білім

Язык обучения:

мемлекеттік

Общий объем кредитов:

180

Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:

01.04.2022 ж.

Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:

KZ87LAA00002903

Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:

005

Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):

-

Отличительные особенности ОП:

-

Сведения о содержании модулей/дисциплин:

Результаты		Объем
Наименование	обучения/Краткое описание	
№ модуля/дисциплины	дисциплины	кредитов/часов
ЖБП 1. Қазақ тілі	Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым - қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Орфография. Тіл және алаш идеясы», «Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет», «Фонетика: Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өнер», «Әдеби норма. Экономикалық интеграция	4

Наименование № модуля/дисциплины		Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		– бүгінгі күннің даму үрдісі», «Сөз мәдениеті. Білім. Ғылым. Инновация», «Сөзжасам. Қазіргі қоғам: әлеуметтік теңсіздік», «Синтаксис. Сәулет өнері», «Пунктуация. Қазіргі әлемдегі саясат және жаһандық мәселелер», «Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер. Орфография. Ғылыми стиль», «Жастар мәдениеті және мәселесі. Шешендік сөздер. Орфография. Публицистикалық стиль», «Қазіргі қоғам. Миграция. Зияткерлік миграция. Шешендік сөздер. Фонетика. Ресми іс қағаздар стилі», «Әлемді өзгерткен өнертабыстары. Шешендік сөздер. Сөз мәдениеті. Публицистикалық стиль», «Бейбітшілік, қауіпсіздік және жаһандық экономика. Шешендік сөздер. Сөз мәдениеті. Көркем әдебиет стилі», «Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау. Шешендік сөздер. Мәтін», «Табиғат және экология. Шешендік сөздер. Мәтін», «Жаңа әлемдегі театр мен кинематография. Шешендік сөздер. Пунктуация», «Еңбек нарығы және сұраныс. Шешендік сөздер. Пунктуация. Сөйлеу мәнерлілігі»	
	ЖБП 2. Орыс тілі және әдебиеті	Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру	5

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Туризм: Экотуризм», «Человек и Родина», «Наука и этика», «Планета. Земля. Океаны», «Литература и искусство», «Тема социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля», «Значение труда в жизни человека и общества», «Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в современном мире», «Высшая ценность – права человека», «Современное общество: миграция».	
	ЖБП 3. Шетел тілі	Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: « Legendor Truth», «Controversial Issues», «Virtualreality», «Outofthis World», «Stressand Fear», «Imaginationand Creativity», «Readingfor Pleasure», «Independent Project», «Making contact», «Investig ateandrep ortonanimal world batseagles be esanddolphins», «Interview sandins tructions», Investig ateandreporton time keeping devices/ Science video»,	4

Наименование		Результаты	Объем
№ модуля/дисциплины		обучения/Краткое описание дисциплины	кредитов/часов
		«Work and inventions», «Social change and further study», «Making statements and providing information», «Clothes journeys».	
	ЖБП 4. Қазақстан тарихы	Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғынуына, оның әлемдік тарихи үдерістері орны мен рөлін айқындауына; тарихи санасы, азаматтылығы мен патриотизмі бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», "Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы».	4
	ЖБП 5. Дүниежүзі тарихы	Түрлі тарихи кезеңдерде әлем тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғыну арқылы тұлғаның тарихи санасын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы».	6

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
ЖБП 6. Қазақ әдебиеті	Креативті ойлауға бағыттау, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қалың елім, қазағым», «Прозадағы көркем ой», «Аңызбен өрілген көркем сөз», «Заман, дәуір тұлғасы», «Тарихтың шертіп пернесін», «Пайым мен парасат», «Ғасырлық туынды», «Әдебиеттегі сан сарын».	4
ЖБП 7. Математика	Байланысты пәндерді оқу, практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Пән келесі бөлімдерден тұрады: «Функция, оның қасиеттері мен графигі», «Математикалық статистика және ықтималдық теориясы», «Дәрежелер мен түбір. Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар», «Функция шегі және үзділіссіздігі», «Туынды және оны қолданылуы», «Алғашқы функция және интеграл», «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық», «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері», «Денелер көлемдері».	5

Наименование № модуля/дисциплины		Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	ЖБП 8. Информатика	Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды қалыптастырады. Пән «Компьютерлік жүйелер», «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру», «Ақпараттық процестер мен жүйелер», «Қосымшаларды құру» сияқты бөлімдерді зерттейді.	2
	ЖБП 9. Физика	Ғылыми дүниетанымның негіздерін, әлемнің жаратылыстану бейнесін тұтас қабылдауды, табиғат құбылыстарын бақылау, талдау және бекіту қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Механика», «Молекулалық физика», «Электр және магнетизм», «Тербелістер», «Толқындар», «Оптика», «Кванттық физика», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология».	3
	ЖБП 10. Химия	Заттар мен олардың өзгерістері, заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастырады, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіреді, химиялық процестерді, заңдар мен олардың заңдылықтарын түсінеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Заттардың бөлшектері», «Периодтылық. Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары», «Химиялық реакциялар энергетикасы», «Химия	3

Наименование № модуля/дисциплины		Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		және қоршаған орта», «Химия және өмір».	
	ЖБП 11. Өзін-өзі тану	Жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыруға, оның рухани жетілуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына, үйлесімді дамуына ықпал етеді, өзін және басқа адамдарды қабылдауға және түсінуге ықпал етеді, ашықтықтың, әлеуметтік жауапкершіліктің, шығармашылық белсенділіктің және өмірді жағымды қабылдаудың дамуына ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі».	2
	ЖБП 12. География	Географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындайтын геоэкологиялық, экономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары».	6
	ЖБП 13. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді, төтенше жағдайларда адамның	4

Наименование		Результаты	Объем
№ модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	дисциплины	кредитов/часов
		тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастырады. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі», «Әскери қызметтің құқықтық негіздері», «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпы әскери жарғылары», «Тактикалық дайындық», «Атыс дайындығы», «Саптық дайындық», «Әскери топография», «Әскери роботты техникалардың негіздері», «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері», «Технологиялық дайындық».	
	ЖБП 14. Дене тәрбиесі	Жалпы адамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық-ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері», «Жүзу».	5
	БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	0.5
		ОН 1.2. Физикалық қасиеттер мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	0.5

Наименование		Результаты	Объем
№ модуля/дисциплины		обучения/Краткое описание дисциплины	кредитов/часов
	БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	1
		ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	1
	БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.	1
		ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.	1
		ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	1
		ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	1
		ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	1
	БМ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну.	1
		ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну.	1
		ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру.	1
		ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.	1

Наименование № модуля/дисциплины		Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	КМ 1. Ұйым қызметкерлерінің еңбек міндеттерін орындауы үшін тиімді іскерлік ортаны ұйымдастыру	ОН 1.1. Қазіргі заманғы автоматтандырылған технологияларды қолдана отырып құжаттауды жүзеге асыру және құжат айналымын қамтамасыз ету.	1
		ОН 1.2. Іскерлік қарым-қатынас ережелерін ескере отырып, байланыс орнату және келіссөздер мен кездесулер ұйымдастыру	2
		ОН 1.3. Оңтайлы еңбек жағдайларын жасау үшін қызметкерлерді қажетті материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету.	1
	КМ 2. Нарықта тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жылжытуға және бедел мен іскерлік бедел қалыптастыруға жәрдемдесу	ОН 2.1. Маркетингтік зерттеулер нәтижелері негізінде тұтынушылардың өнімге қоятын талаптарын талдау.	2
		ОН 2.2. Сату көлемін, оның ішінде Интернет арқылы ұлғайту мақсатында клиенттерді тарту стратегиясын әзірлеу.	2
		ОН 2.3. Сату циклін бақылау және болжау.	2
		ОН 2.4. Сатылымды жылжыту үшін жарнамалық акциялар, PR-акциялар, өнімдерді таныстыру жоспарлары бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.	2
		ОН 2.5. Тұтынушылармен байланыс орнату және қолдау.	2
	КМ 3. Жылжыту бағдарламаларында жұмыс істеу және әлеуметтік желілерде бейіндерді жүргізу	ОН 3.1. Оңтайлы жарнамалық бағдарламаларды таңдап алу.	4
		ОН 3.2. Әлеуметтік желілердің тұрақты мониторингін жасау,	4

		Результаты	
Наименование		обучения/Краткое описание	Объем
№ модуля/дисциплины		дисциплины	кредитов/часов
		қолдау, бақылау және жүзеге асыру.	
		ОН 3.3. Мазмұнды өңдеуді жүзеге асыру, оны компанияның жоспары мен міндеттеріне сәйкес жаңарту.	3
	КМ 4. Еңбек қорларын басқаруға қатысу	ОН 4.1. Заңнамада белгіленген талаптар мен нормаларға қатаң сәйкестікте кадрларды есепке алуды және кадрлық құжаттаманы жүргізу.	20
		ОН 4.2. Қызметкерлерді іздеу, таңдау және іріктеуді жүргізу.	15
		ОН 4.3. Еңбек процестеріне талдау жүргізуге қатысу.	10
		ОН 4.4. Сатумен айналысатын қызметкерлерге, оның ішінде Интернет арқылы міндеттерді қою.	15
	КМ 5. Ұйымның қаржы қорларын басқаруға қатысу	ОН 5.1. Қаржылық операцияларды орындауға қатысу	5
		ОН 5.2. Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін есепке алуға қатысу.	7
		ОН 5.3. Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметіне талдау жүргізуге қатысу.	5
	Аралық, қорытынды аттестаттау	-	9